

«Абай шығармалары ұрпақ аузында»



Мақсаты: Оқушылардың Абай өлеңдеріне деген қызығушылығын ояту, ақын шығармашылығын терең түсініп, қадірлей білетін ұрпақ тәрбиелеу.

Талабы:

- 1.Қатысушы өзі білетін шығармалардың тізімін конкурс басталғанға дейін ұсынуы қажет.
- 2.Өлеңдер мәнерлеп, нақышына келтіре орындалуы тиіс.



Абай 10 тамыз 1845 ж. қазіргі Семей облысының Шыңғыс тауларында Қарқаралының аға сұлтаны Құнанбайдың төрт әйелінің бірі, екінші әйелі Ұлжаннан туған. Орта жүздің Арғын тайпасының Тобықты руынан шыққан билер әулетінен. Әкесі Құнанбай Өскенбайұлы өз заманындағы атақ даңқы алысқа кеткен адамдардың бірі болған. Шешесі Ұлжан Орта жүздің Арғын Тайпасынан Қаракесек руының шешендікпен, тапқырлық, әзіл әжуамен аты шыққан шаншарлардың қызы. «Абай» деп жас Ибраһимді анасы Ұлжан еркелетіп атаған. Содан бері бұл есіммен Абай тарихқа енді.



*Абайдан асқан
бұрынғы соңғы заманда
қазақ даласында біз
білетін ақын жоқ.*

А.Байтұрсынов

Жарыстың кезеңдері:

1.«Өлең сөздің патшасы сөз сарасы»
(Абайдың шығармаларын жатқа оқу)

2«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда»
(Жас дарындар конкурсы, өз
шығармалары (өлең, әндер, күйлер))



**Мен жазбаймын өленді ермек үшін,
Жоқ – барды ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.**





**Құлақтан кіріп бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй.
Жүрекке түрлі ой салар,
Әнді сүйсең менше сүй.**



**Өлең сөздің патшасы сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.**







Абай шығармаларының мағынасын
терең бойлап ұғып-түсіне алатын,
Абай дәстүрін жалғастырушылар
тобы молая түскеніне бүгін тағы бір
көзіміз жетті. Бүгінгі
жеңімпаздарымызды шын жүректен
құттықтап, әлі де биік шыңдардан
көрінулеріне тілектеспіз.